



Автор: Баймендинова Айгерім Нұрланқызы

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Біздің өмірімізде алгоритмдер

Тақырып: Алгоритм түрлері

Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: Түсінеді, талдайды, білімін қолданады: сызықтық, тармақталған, циклдік алгоритмдер құруды меңгереді. Көптеген оқушылар: Түсінеді, талдайды, білімін қолданады: сызықтық, тармақталған, циклдік алгоритмдер құруды меңгереді. Кейбір оқушылар : Білімін жинақтайды, рефлексия жасайды: алгоритм түрлеріне берілген тапсырмаларды орындайды.
------------------	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Ұйымдастыру кезеңі. ((3мин))	Оқушылармен амандасу, сынып реттілігін қадағалау. Оқушыларды түгелдеу. Оқу құралдарын байқау. Психологиялық дайындық! Бір-бірімізді тыңдаймыз десек 1 рет қол шапалақтаймыз! Ұйымшыл боламыз десек 2 рет Белсенділік танытамыз десек 3 рет шапалақтаймыз! Топтастыру. Оқушыларды алгоритм түрлерінің суреттері арқылы 3 топқа топтастырамын. 1-топ: Сызықтық 2-топ: Тармақталған 3-топ: Циклдік	
II. Үй тапсырмасын сұрау ((5 мин))	Classdojo сайтын пайдалану арқылы оқушылардан үйге берілген тапсырманы сұрау. Берілген тапсырмалардың алгоритмін құрыңдар: ☐ «Шай қайнату» алгоритмі ☐ “Гүл суару” алгоритмі ☐ “Мектепке бару” алгоритмі ☐ “Дүкенге бару” алгоритмі	https://studio.code.org/s/aquatic/stage/1/puzzle/2
III. Жаңа тақырыпты түсіндіру ((7мин))	Интерактивті тақтадан сабақтың мақсаты мен критерийлерін балаларға хабарлаймын. Жаңа сабақты BilimLand.kz сайтында орналасқан видеороликті көрсету арқылы «Кинометафора» әдісін пайдаланып түсіндіремін. Жаңа тақырыпты толығымен түсіну үшін тапсырмалар орындайды. Дескрипторлар • Алгоритмнің түрлерін анықтау алады; • Бос орындарға сөз қоя алады; • Ақиқат жалған екенін ажырата алады. IV. Практикалық тапсырма «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі 1 тапсырма Топтық жұмыс (3 мин) Learning app сайтында дайындалған тапсырма беріледі. Сәйкестендіру. 2 тапсырма Жұптық жұмыс (3 мин) А оқушы алгоритм жазады, В оқушы QR код астында жасырылған жауабын тексереді. Дескриптор: - Алгоритмді дұрыс құрады, - Алгоритм түрін анықтайды. 3 тапсырма Алгоритм ретін жаз Дастарқан дайындау дұрыс жолын нөмірлеу Өсімдік өсіру алгоритмін нөмірлеу Дескрипторлар • «Дастарқан дайындау» алгоритміне мысал келтіреді; • «Өсімдік өсіру» алгоритміне мысал келтіреді.	https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/6-synyp/lesson/algoritm-turleri